10 000 000 000 (он миллиард) теңге.

5) *облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:*

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – қазақстандық теңгемен көрсетілген.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банк шоты болмаған жағдайларды қоспағанда, барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) Эмитент қазақстандық теңгемен қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банк шоты болғанда Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы сомасын төлеу қазақстандық теңгемен жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банк шоты болмаған жағдайда Облигациялар бойынша сыйақы және (немесе) негізгі борыш төлемін жүзеге асырған кезде қазақстандық теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі.

Көрсетілген айырбастау Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының банктік деректемелерін және төлем жүзеге асырылуға тиіс валютаны көрсететін жазбаша өтінішті алуы шартында жүзеге асырылады. Айырбастау төлем жүзеге асырылған күнге Эмитентке қызмет көрсететін банк белгілеген айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады. Эмитенттің қызмет көрсететін банкі қазақстандық теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауды жүргізгені үшін алатын комиссиясы Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі және Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигацияларды төлеу тәртібі және шарттары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Биржа») ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

- 1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда – саттықты (бұдан әрі – «Алғашқы өткізілген сауда-саттық») өткізу қорытындылары бойынша Алғашқы өткізілген сауда-саттық барысында айқындалған кесімді мөлшерлеме ретінде анықталатын болады.

- 2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:*

Облигациялар бойынша сыйақы Облигациялар айналысының барлық мерзімінде Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет төленеді.

- 3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:*

Облигациялар бойынша сыйақы есептеу Облигациялар айналысының басталу күнінен басталады. Сыйақы есептеу Облигациялар айналысының барлық мерзімінде жүреді және Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күні аяқталады.

- 4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі және шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – "Бекіту күні") төленеді.

Сыйақы төлеу Бекіту күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Бекіту күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды

ұстаушылардың банктік шоттарына Эмитенттің ақша аударуы арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір Облигация ұстаушыға төлеуге жататын купондық сыйақы сомасы төлем күні тиісті Облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған Облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі (Облигациялар бойынша купондық сыйақының екіге бөлінген жылдық мөлшерлемесі). Үтірден кейінгі таңбалар саны және дөңгелектеу әдісі Биржа қағидаларына сәйкес анықталады.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақы төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүреді.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы есебінен жүргізіледі.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:

- 1) оригиналордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;*
- 2) оригиналор қызметінің мәні, секьюритилендіру мәмілесіндегі құқықтары мен міндеттері;*
- 3) бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша талап ету құқықтарының сипаттамасы, ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;*
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;*
- 5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар;*
- 6) оригиналордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;*
- 7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;*
- 8) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері;*
- 9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.*

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритилендіру кезінде қосымша көрсетіледі:

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1) облигацияларды орналастыруды бастау күні:

Облигацияларды орналастыруды бастау күні Облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

2) облигацияларды орналастыруды аяқтау күні:

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

3) облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылатын болады.

9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:

1) облигациялар айналысының басталу күні:

Облигациялар айналысының басталу күні Биржа ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша Алғашқы сауда-саттық өткізілген күн болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады (www.kase.kz).

2) облигациялар айналысының аяқталу күні:

Облигациялар айналысының аяқталу күні Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күні болып табылады.

3) облигациялардың айналыс мерзімі:

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 2 (екі) жылды құрайды.

4) облигациялардың айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Облигациялардың айналысы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында, сондай-ақ ұйымдастырылмаған нарығында да жоспарланады.

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні:

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

2) облигацияларды өтеу тәсілі:

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу төлемдері Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеумен жүзеге асырылады.

Негізгі борыш сомасын өтеу көрсетілген төлемді алуға құқығы бар және Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың банк шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады. (Облигация ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша).

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі:

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 15 және

18-4 баптарында белгіленбеген Облигацияларды шығару үшін сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

1) *облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:*

Бақылаушы кеңестің тиісті шешімі қабылдануы шартында Эмитент ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда Облигацияларды олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде толық немесе ішінара сатып алуға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы мыналармен анықталады:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алуды жүзеге асыру кезінде – сатып алу күні Биржадағы сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан баға бойынша;
- ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуды жүзеге асыру кезінде – Эмитент және Эмитент сатып алғанда өзіне тиесілі Облигацияларды сатуды жоспарлайтын Облигация ұстаушы келіскен баға бойынша.

Орналастырылған (сатып алынғандарын шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаға Биржаның ережелеріне сәйкес ашады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Эмитенттің өз облигацияларымен мәмілелер жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзбауы тиіс.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған Облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент өзінің сатып алған Облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаз нарықтарында олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде қайта сатуға құқылы.

2) *облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:*

Эмитент Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің Шешімімен Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі – «ҚЕД») (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.kmf.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарды орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигация ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған ақпарат келесі мәліметтерден тұруы тиіс:

- ✓ Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарыққа (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған) сілтеме;
- ✓ сатып алынатын Облигациялардың саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- ✓ есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісін көрсету.

Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алуы Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің шешімімен анықталған күні жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, өздеріне тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигация ұстаушылар Эмитенттің Бақылаушы кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы қабылдаған шешім туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитенттің атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Ұйымдастырылған нарықта Облигацияларды сатып алған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген облигациялар осы Проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

12. Егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:

1) эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент мынадай қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауға тиіс:

- а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің әрекет тәртібі:

Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Тиісті ақпараттық хабарды Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.kmf.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы көрсетілген ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің Бақылаушы кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде мыналар туралы шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды сатып алу;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды өткізу күні: бұл ретте сатып алуды өткізу күні Эмитенттің Бақылаушы кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім

қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге белгіленуі тиіс;

- есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша саудасаттық өткізу әдісін көрсету;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитенттің Бақылаушы кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.kmf.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарды орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигация ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған ақпарат келесі мәліметтерден тұруы тиіс:

- ✓ сатып алынатын Облигациялардың саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- ✓ есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша саудасаттық өткізу әдісін көрсету;
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Эмитенттің Бақылаушы кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады.

Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша Облигацияларды мынадай бағалардың ең көбі бойынша сатып алуға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;
- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

3) *ковенанттар бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың әрекет тәртібі:*

Қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін Эмитенттің бұзғаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.kmf.kz) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімде таныса алады.

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпарат алғаш жарияланғаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді Эмитенттің атына беруге құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті.

Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің Облигацияларды сатып алу жөнінде шешім қабылдағаны туралы, соның ішінде Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.kmf.kz) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы еркін нысанда өтініш беруі тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және болған жағдайда, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефоны; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімімен Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерінде қосымша мәліметтерді көрсету қажеттігі көзделуі мүмкін.

Сатып алу ұйымдастырылған нарықта жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Сатып алу ұйымдастырылмаған нарықта жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушы Облигацияларды сатып алу жүргізілген күні Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийдің атына Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің шешімімен айқындалған тәртіппен өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруі тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылар осы проспектіде көрсетілген олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде жойылуда жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастыруға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

- 3) *«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған Банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау шарттарын көрсетеді.*

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

- 14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

- 15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері:**

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

- 16. Концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары - инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде:**

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

- 17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:**

- 1) *эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:*

Облигацияларды орналастырудан тартылған ақша Эмитенттің жеке кәсіпкерлерге, жеке және заңды тұлғаларға микрокредит беру жөніндегі қызметін қаржыландыруға бағытталатын болады.

- 2) *инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде жасалған шарттың талаптарына сәйкес, облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.*

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

- 18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:**

Осы шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

- 19. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:**

- 1) осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
- 2) осы проспектіде көзделген мерзімдерде және мөлшерде Облигациялар бойынша олардың номиналды құнының бекітілген пайызын алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа ережелерінде көзделген тәртіппен және соларға сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

- 5) Облигацияларды еркін сату және басқа жолмен иелік ету құқығы;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы. Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқықтарын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері бұдан әрі осы тармақшада көрсетілген:
 - a) егер Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабы 2-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенін бұзуға жол берсе және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабы 2-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақы ескеріле отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындағанда, Эмитент орналастырылған Облигацияларды: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (ii) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы ішінен ең жоғары бағамен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.kmf.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарды орналастыру арқылы Облигацияларды сатып алу үшін негіздің туындағаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысы орын алғанын егжей-тегжейлі сипаттауды, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар, ал Эмитент қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда Эмитенттің Бақылаушы кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде мынадай шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды сатып алу;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды өткізу күні - бұл ретте сатып алуды өткізу күні Эмитенттің Бақылаушы кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге белгіленуі тиіс;
- есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:

(a) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитенттің Бақылаушы кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.kmf.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарды орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигация ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған ақпарат келесі мәліметтерден тұруы тиіс:

- Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын баға, осы бағаның есептеу тәртібін көрсету арқылы;
- сатып алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды сатып алуды өткізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, соның ішінде - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Эмитенттің Бақылаушы кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады.

б) осы проспектіде көзделген дефолт оқиғасы туындаған жағдайда.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің 32-тармағында көрсетілген.

в) ковенанттардың (шектеулердің) кез келген бұзылуы туындағанда және Эмитент осы проспектіде көзделген мерзімде жоймаған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектінің 12-тармағында көзделген талаптармен, тәртіппен және мерзімдерде өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар туралы мәліметтер:

1) *Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы болатын оқиғалар тізбесі:*

Дефолт - бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») Эмитенттің негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау болып табылады.

2) *облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қолданатын шаралар:*

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент мерзімі өткен әрбір күн үшін (нақты төлем күні тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні болып табылады) Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын немесе оның тиісті бөлігін төлеу туралы ақшалай міндеттемені орындау

күніне (нақты төлем күні) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, Облигацияларды ұстаушыларға тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан орындалмаса, Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспектіде көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне сай кейінге шегеріледі.

Міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Бақылаушы кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып қабылдайды. Эмитент Дефолт оқиғасының туындағаны туралы ақпаратты осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып және тәртіпте, мерзімде Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Дефолт оқиғасының туындағаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың сатып алуға мәлімделген Облигациялар санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны ескеріп, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша Облигацияларды сатып алу туралы Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын (Облигациялар бойынша талап ету құқықтары) немесе жазбаша өтініштерін қабылдауға міндетті.

Дефолт оқиғасының туындағаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден бөлек, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы проспектіге ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген болса және Эмитент өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ, борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде Эмитент Облигациялар ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу және Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеуге қатысты міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың одан арғы әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Бақылаушы кеңесі Облигацияны ұстаушыға берілетін

құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

- 3) *эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік көтеретін тұлғаларға қатысты жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:*

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындағанда Эмитент Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында оның ережелерімен белгіленген тәртіпте және КЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.kmf.kz) ресми интернет-ресурстарында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тиісті ақпараттық хабарды орналастыру арқылы осындай ақпаратты Облигация ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабары келесі мәліметтерден тұруы тиіс:

- ✓ Дефолт оқиғасын туындатқан себептердің толық сипаттамасы;
- ✓ орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы мәліметтер;
- ✓ Облигация ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін тізімдеу;
- ✓ Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- ✓ Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.

- 4) *эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік көтеретін тұлғалармен жасалған шарттың күні және нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (осындай тұлғалар болған жағдайда).*

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік көтеретін тұлғалар жоқ.

- 21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:**

Сыйақылар төлеу және Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектіге 1-Қосымшада келтірілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Облигациялар бойынша төлем агенті көзделмеген. Купондық сыйақы мен номиналдық құнды төлеуді Эмитент өзі жүзеге асырады.

24. Эмитент консультанттары туралы мәліметтер (Егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасау бойынша міндет белгіленген жағдайда):

1) *эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:*

- толық атауы: «BCC Invest» акционерлік қоғамы («Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы);
- қысқартылған атауы: «BCC Invest» АҚ;

2) *эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:*

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Панфилов көш., 98, блок А, 5-қабат, «Old Square» БО. Телефон: +7 (727) 244 32 32.

3) *эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасаған шартының күні мен нөмірі.*

2021 жылғы 01 сәуірдегі № н/ж қаржы консультанты қызметтерін көрсету туралы шарт.

Басқарма төрағасы



Ш.А. Жусупов

1-қосымша. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.

Эмитент Облигацияларды орналастыру нәтижесінде тартылған ақшаны операциялық қызметті кеңейтуге жіберуді жоспарлайды, осыған байланысты сыйақылар төлеу және Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көзі Эмитенттің операциялық қызметінен түсетін түсімдер болады:

мың теңге

Баптың атауы	2021 жылдың 2 жарты жылдығы	2022 жылдың 1 жарты жылдығы	2022 жылдың 2 жарты жылдығы	2023 жылдың 1 жарты жылдығы	2023 жылдың 2 жарты жылдығы	2024 жылдың 1 жарты жылдығы
Операциялық қызметтен кіріс ағын	5 233 333	7 432 000	10 178 627	10 831 945	7 728 929	9 652 422
Операциялық қызметтің шығыстары	-600 000	-768 000	-1 109 040	-1 315 351	-1 388 083	-1 469 186
Микрокредиттер беру	-13 333 333	-10 600 000	-12 434 667	7 775 707	4 648 685	-6 388 083
Облигацияларды орналастыру және өтеу	10 000 000	5 000 000	5 000 000	-	-	-
Купондық сыйақы төлеу	-700 000	-1 050 000	-1 400 000	1 400 000	1 400 000	-2 100 000
Көрсетілген ақша қаражатының ағындары шегінде кезең басындағы қалдық	-	600 000	614 000	848 920	1 189 808	1 481 969
Көрсетілген ақша қаражатының ағындары шегінде кезең соңындағы қалдық	600 000	614 000	848 920	1 189 808	1 481 969	1 177 123

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағындарының болжамдары қате немесе дәл емес болуы мүмкін және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын түсіндіруді қайта қарауды қосқанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістерін, айырбас бағамын және басқа нарықтық шарттарды қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты өзгертуге жататын болжамдарға, бағаларға немесе әдістерге байланысты болады.

Эмитент жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге де негіздердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамды деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізбейтін болады.



Прошиуровано и
пронумеровано на

(32) тридцати
двух сто.